

белгілері анықталған жағдайларда, материалдарды тиісті дәлелдемелермен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға береді;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби әдеп талаптарын сақтайды.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің уактылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

4-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелеріне әдістемелік және акпараттық колдау көрсетеді.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шаралар бойынша есептер мен акпаратты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жылдық есепті директорлар кеңесіне, қадағалау кеңесіне (ол болған кезде) немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органына ұсынады.

21. Квазимемлекеттік сектор субъектісіне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы өздерінің контрагенттерін, іскерлік әріптестерін, азаматтық қоғам институттарын тұрақты негізде хабардар ету ұсынылады.